


**Наурыздың он
төрті
сынып жұмысы
етістіктен өткенді
қайталау**



Ұяшығыңды таңда

1

2

3

4

5

6

7

8

9

10

11



Ұяшығыңды таңда

12

13

14

15

16

17

18

19

20

21

22



*Етістік дегеніміз
не?*

Етістік—заттың қимылын, іс-
әрекетін білдіретін сөз табы.
Етістік не істеді? не қылды?
қайтті? деген сұрақтарына
жауап береді.

Етістік құрамына қарай
қаншаға бөлінеді?
Мысал келтір.

1. Дара етістік-*жүр*
2. Күрделі етістік-*бері кел*

Етістік тұлғасына қарай
қаншаға бөлінеді ?
Мысал келтір.

1. Негізгі түбір етістік
– *отыр*,
2. туынды түбір етістік
– *сәнде*

Болымды және
болымсыз етістікке
мысал келтір.

1. Жазды
2. Жазбады

Есімше дегеніміз не?
Жұрнақтарын ата

Есімше де – екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылатын етістіктің ерекше түрі. қан, -кен, -ған, -ген жұрнақтары арқылы өткен шақ есімше жасалады; *ар, -ер, -р, -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек, -атын, -етін, -йтын, -йтін*

Есімше сөйлемде қандай
қызмет атқарады?

Есімше ешқандай қосымшасыз қандай?
қай? деген сұраққа жауап беріп,
анықтауыш қызметінде: Айтылған сөз –
атылған оқ;

кім? не? деген сұраққа жауап беріп,
бастауыш не **баяндауыш** қызметін
атқарады: Көрмес түйені де көрмейді.
Ақылды байқап сөйлер.

Көсемше дегеніміз не?
Жұрнақтарын ата

Көсемше екі түрлі мәнде, екі түрлі қызметте қолданылады: 1) күрделі етістіктің құрамында келіп, негізгі іс-әрекетті білдіреді. 2) қимыл-әрекеттің әр түрлі сипатын, амал-тәсілін, себеп-мақсатын білдіреді. Мысалы, *Тапсырманы орындап болды. -а, -е, -й, -ып, -іп, -п, -ғалы, -гелі, -қалы, -келі*

Көсемше сөйлемде қандай
қызмет атқарады?

1. Баяндауыш – *Біз*
ақырын әңгімелесіп келеміз,
2. Пысықтауыш – *Қасқырлар*
жылқыға топтанып келіп
шапты.

Етістіктің шақ категориясын
дегеніміз не? Қандай түрлері
бар?

Іс-әрекеттің мезгілге, уақытқа байланысын көрсететін етістікке тән категория шақ деп аталады. Шақтың үш түрі бар:

- 1) осы шақ,
- 2) өткен шақ,
- 3) келер шақ.

Осы шақ дегеніміз не?
Түрлерін ата.
Мысал келтір

Осы шақ істің сөйлеп тұрған уақытта болып жатқанын көрсетеді. Мағынасына қарай осы шақ екі түрге бөлінеді:

- 1) нақ осы шақ – *оқып отыр*
- 2) ауыспалы осы шақ – *күн күркіреді*

Өткен шақ дегеніміз не?

Түрлерін ата.

Мысал келтір

Өткен шақ істің сөйлеп тұрған уақыттан бұрын орындалғанын көрсетеді. Өткен шақ мағынасына және тұлғалық белгілеріне қарай үшке бөлінеді:

- 1) жедел өткен шақ,
- 2) бұрынғы өткен шақ
- 3) ауыспалы өткен шақ

Келер шак дегеніміз не?
Түрлерін ата. Мысал
келтір

Келер шақ іс-әрекеттің сөйлеп тұрған мезгілден кейін орындалатынын білдіреді. Келер шақтың үш түрі бар:

- 1) болжалды келер шақ,
- 2) мақсатты келер шақ,
- 3) ауыспалы келер шақ

Етістіктің райлары
дегеніміз не?

Қандай рай түрлері бар?

Іс-әрекеттің орындаушымен, уақытпен байланысты болып, жаққа, шаққа түрленуі етістіктің райы деп аталады. Етістіктің рай категориясының төрт түрі бар:

- 1) ашық рай,
- 2) қалау рай,
- 3) бұйрық рай,
- 4) шартты рай

Ашық райдың жасалу жолы.

Ашық рай іс-қимылдың
үш шақтың бірінде
орындалуын көрсетеді
Мысалы: Қар жауып тұр

Бұйрық райдың жасалу жолы.

Бұйрық рай іс-қимылдың
орындалуын талап ету
мағынасында айтылады.

Қалау райдың жасалу жолы

Қалау рай істі орындаушы
адамның тілегін, ынтасын
білдіреді

Шартты райдың жасалу жолы

Шартты рай іс-әрекеттің
орындалу не
орындалмауының шартын
білдіреді

Етістік сөйлемде қандай
қызмет атқарады?

Бастауыш, баяндауыш,
толықтауыш, пысықтауыш,
анықтауыш

Тұйық етістіктің
жұрнағын ата.
Мысал келтір

-y, OKy, TOKy

Фонетика тіл білімінің қай
саласын зерттейді?

Морфология тіл білімінің
қай саласын зерттейді?

Синтаксис тіл білімінің
қай саласын зерттейді?

**Назарларыңызға
рахмет!**

